

«Амангелді орта мектебі» КММ

11-сынып бойынша 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық қорытынды есебі

Белгілі педагог Қ.Д.Ушинский: "Адам кейіннен үйренгенінің бәрі ешқашан балалық шағында үйренгенінен бәрі басқаша болатындай тереңдікке ие болмайды". Адамның балалық шағы оның кіші Отаны – отбасымен және мектеппен тығыз байланысты. Оларға деген қарым-қатынастан ана тіліне, өз еліне, оның өткеніне, бүгінгіне, содан кейін бүкіл адамзатқа және оның құндылықтарына деген сүйіспеншілік немесе немқұрайлылық басталады. Ата-аналармен және мұғаліммен қарым-қатынастан бірдеңе алған балалар олардан асып түсуі керек, әйтпесе дамыту, оқыту және тәрбиелеу мағынасыз болады. Бүгінгі қоғамда сынып жетекшісі тұлға болып табылады, ол ерекше назар аударуды қажет етеді. Мұғалімнің жеке басына бірқатар маңызды талаптар қойылады. Бұл балаларға деген сүйіспеншілік және олардың кәсіби іс-әрекеті, кең эрудиция, жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі, адамгершілік, тәрбие әдістерін кәсіби меңгеру. Сынып жетекшісі - бұл шығармашыл адам, оған көркемдік, белсенділік, оптимизм, еңбекқорлық, көңілді мінез сияқты қасиеттер қажет. Балалар ұжымында салауатты микроклимат құру, жағымды тұлғааралық қатынастарды қалыптастыру, оларды реттеу барысында бүгінгі сынып жетекшісіне біраз міндет жүктелген.

Менің сынып жетекші ретіндегі негізгі бағыттарымның бірі сыныппен жұмыс ұжым адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие болып табылады. 11 сынып үлкен өмірге қадам басатын жастағы балалар болғандықтан, оларға берілетін ақпараттардың бәрі өмірді тануға бағытталуы тиіс деп санаймын.

11-сыныпта 6 оқушы бар. Оның төртеуі қыз бала, екеуі ұл бала. Сынып оқушылары белсенді, мектепшілік шараларға жақсы қатысады.

Қыркүйек айында білім күніне орай «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Адалдық сағаты өткізіліп, оқушыларды қазіргі қоғамдағы рухани құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу көзделді.

Оқушыларды отбасын, ұстазын құрметтеуге, ислам дінінің құндылығын талдап, жат ағымдардан аулақ болуға салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған тәрбие сағаттары жоспарланып өткізілді. «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбындағы тәрбие сағатында «Телефонсыз бір күнім» жобасын дайындады.

Қараша айында ұлтын сүюдің ұлы үлгісін танытқан, ұлттық тәрбиені ұлықтаған « Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» атты тәрбие сағаттары өтті.

Желтоқсан айында патриоттық тәрбие беру мақсатында «Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астан», «ҚР-ның әлемдік экономикалық дамуындағы орны» т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары жоспарланды.



Қаңтар, ақпан ,наурыз айларында адами құндылықты насихаттаған «Кекшіл болма,көпшіл бол»ұлт зиялыларын таныту мақсатында «Ғарышкерлер күні. Т.Бегелдиновтың 100 жылдығы», «Д.Қонаев-ұлы тұлға» тәрбие сағаттары өткізілсе, оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулыған «XXI ғасыр көшбасшысы», «Мың бір мақал,жүз бір жұмбақ»т.б. тәрбие сағаты өтті.

Сәуір ,мамыр айларында «Менің Отаным» сайысы, «Білім биржасы» сайысы, «Жасөспірім құқығы және зиянды әдеттер» т.б. тәрбие сағаттары өтті.Соңғы қоңырау салтанатында оқушылардың жетістіктерінен,балалық шақтарындағы суреттерінен көрме ұйымдастырылды.

Сынып жетекшісі:

Жұмағалиева А.Ж.